

XX ғасыр тіл білімі

Қазіргі заман тіл білімі *жас грамматистерге* қарсы күресте туып, қалыптасты. XIX ғасырдың соңғы он жылы мен XX ғасырдың бас кезінен бастап Батыс Еуропа тіл білімінде *жас грамматистік бағыт* қатты сынға алынды.

**Сөздер мен
заттар**

**ЭСТЕТИ
ЗМ**

Социологиз

М

**Жас
грамматизмге
қарсы
лингвистикалық
мектептер**



Сөздер мен

заттар

Бұл – тіл білімі тарихында жас грамматикалық бағыттан біржола және үзілді-кесілді бас тарту ұранын тұңғыш көтерген **мектеп**. Оның өкілдері 1909 жылдан бастап Рудольф Мерингердің (1859-1931) басқаруымен шыға бастаған (Австрияда) “Сөздер мен заттар” деп аталатын журнал төңірегіне топтасқандықтан соның атымен аталған (журнал XX ғасырдың 40 жылдарына дейін шығып тұрды).

Бұл мектептің ең көрнекті өкілі
– роман тілдері мен жалпы тіл
білімінің маманы *Австрия*
лингвисті

Гуго Шухардт
(1842-1927)



*Шухард тек роман
тілдерін ғана емес,
басқа да көптеген
тілдерді зерттеген,
жан-жақты, терең
білімді адам болған. Ол
тіл білімінде бірталай
тың да қиын
проблемаларды батыл
көтеріп, өз көзқарасын
білдіріп отырған.*




Бұл мектептің өкілдері зат пен оның атауы арасындағы қарым-қатынасқа ерекше мән береді. Г.Шухардт “Заттар мен сөздер” деген еңбегінде:

Сөз затты білдіреді, **зат** – **алғашқы**, ол ешнәрсеге тәуелсіз, өзі үшін өмір сүреді, ал **сөз** затқа қарағанда **соңғы, кейінгі**, ол – затқа тәуелді, оның өмірі затқа байланысты, зат жоқ болса, сөз де жоқ, тілдегі әр сөздің өзіндік тарихы бар, оны тек лингвистикалық талдау арқылы ғана емес, заттар тарихы арқылы да зерттеуге болады, заттар тарихы мен сөздер тарихы жарыса қатар жүріп отырады, бұл екеуінің тарихы арасында толық параллелизм де, сондай-ақ күрделі және нәзік қарым-қатынастар да бар, тіл білімінің міндеті – соны ашу

- Мектеп өкілдері тарихы зерттелетін сөз қоғамдық өмірдің қай саласына, қай мамандыққа жатса, сөзбен бірге сол сала, сол кәсіп те профессионалдык дәлдікпен зерттелу керек деп есептеді, өздері де дәл солай істеді. Мысалы, Шухардт француз тіліндегі *mauvaus* (табу) деген сөздің латын тіліндегі *malifatius* (балық ұста) деген сөзден шыққанын дәлелдеу үшін балық аулау процесін жан-жақты зерттеген.





І.Шухардт тіл адамдар
әрекетін бейнелейтін
құрал, ол адамдардың
әлеуметтік, рухани
өмірлерінің бәрімен де,
тарихымен де
тығыз байланысты,
солардың көрсеткіші,
сондықтан тілдің өткен
тарихы да, қазіргі күйі де
бірдей дәрежеде зерттелу
керек дейді.



Географиялық
жағдайын
ұсынды



Генеологиялық
классификациясын
қолдамады

Тілдерді
жіктеудің

ГУГО

ШУУАДПТ

- **Шухардт** тілдерді туыстық жақындықтарына қарай жіктеудің дәлдігіне, ата тіл болды дегенге күмән келтіреді. **Генеологиялық классификация** орнына тілдерді **географиялық ыңғайына қарай** қарауды ұсынады. Географиялық жағдайына, қоныс ыңғайының өзгерісіне қарай бір тіл екінші бір тілге ауысып отырады дегенді айтады. Осыдан келеді де тілдің дамуы, ондағы болатын өзгеріс-құбылыс тілдердің араласуынан, тоғысуынан болып жатады. Дүние жүзіндегі тілдердің барлығы да өзара туыстас, бірақ олардың туыстастығы бір төркіннен, ата тілден тарғандықтан емес, араласып, тоғысқандықтан дейді.



Эстетизм

- XX ғасырдың бас кезінде Батыс Европада жас грамматизм бағытына қарсы пайда болған лингвистикалық мектептің бір түрі *эстетизм* немесе *эстетикалық лингвистика*. Оны қалыптастырушы – неміс ғалымы, роман тілінің маманы, әрі әдебиетші, Мюнхен университетінің профессоры *Карл Фосслер* (1872-1949).

Мектептің эстетизм деп аталу себ



Оның өкілдері тілді эстетикалық тұлға, эстетикалық көрсеткіш дейді де, оны зерттейтін ғылым **лингвистика** эстетиканың бір саласы, эстетика оның негізі, қайнар бұлағы. Тіл жөніндегі зерттеу эстетикадан басталып, эстетикамен аяқталады деп санайды.

Карл Фосслер

Кейде бұл мектеп
неофилология
немесе **идеалистік**
неофилология деп
аталады. Бұлай атау *Карл*
Фосслердің
50 жасқа толуына
арналып
1922 жылы шығарылған
юбилейлік жинақтың атына
байланысты туған.



К.Фосслер лингвистикалық эстетизм мектебінің
теориялық негізін белгілеген “Лингвистикадағы
позитивизм мен идеализм” еңбегінде

позитивистер
ді

идеалистерді

Жас грамматистер деп
атайды

Өзін және өзінің жолын
қуушыларды жатқызады

Бұл еңбектің ең түйінді мәні – жас грамматикалық бағыттың позитивизмін қатал сынай отырып, *тілді эстетикалық туынды*, тіл білімін эстетикалық ғылым деп жариялау. Фосслер өзінің эстетикалық концепциясын негіздеуде Италияның көрнекті философы Бенедетто Кроче мен идеалистік философияның көсемдерінің бірі Г.Гегель және өз дәуірінің атақты лингвистері В.Гумбольт пен Г.Штейнталь еңбектеріне сүйенген.




Неолингвизм

Неолингвизм де жас грамматизм бағытына қарсы XX ғасырдың бас кезінде қалыптасқан лингвистикалық мектеп. Бұл атау гректің жаңа деген мағынаны білдіретін **неос** деген сөзі мен **лингвистика** деген сөздің бірігуінен туған. Бұл мектеп Италияда қалыптасты. Оның *негізін салушылар* Маттео Бартоли (1873-1946), Джуилиано Бонфант, Джулиано Бертони (1878-1946), Пизани,

- Неолингвистер жас грамматистерді қатты сынаған, өз принциптерін баяндаған көптеген еңбектер жазды. Сондай еңбектердің бірі – 1925 жылы **Дж. Бартони мен М.Бартоли** жазған

“Неолингвистиканың қосымша очеркі” атты кітап. Онда лингвистикалық жаңа мектептің әдістері мен принциптері қысқаша баяндалады.





Эстетизм өкілдері сияқты бұл мектеп өкілдері де өздерін идеалистерміз деп жариялайды. **Неолингвизм** бір-біріне үйлесе қоймайтын әр түрлі көзқарастағы ғалымдардың – В. Гумбольдттың, Г.Шухардттың, К.Фосслердің, кейбір мәселеде Г.Паульдің принциптеріне сүйенеді. Сондықтан бұл мектеп кейде эклектикалық неолингвизм деп те аталады.